

Абаев А., Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, 1 курс студенті
(*Ғылыми жетекшісі-педагогика ғылымдарының магистрі Баербекова А.*)

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДЕГІ ЗАМАНАУИ ІТ ЖОБАЛАР

Бүгінгі таңдағы тіл мәселесінде ғана емес, сонымен қатар, барлық саладағы өзекті мәселелердің бірі – қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу мәселесі болып отыр. Бұл іске қатысты 2016 жылдан бері 200 мыңнан адам ат салысып, 20-дан аса ғылыми конференциялар өткізілді. Жұмыс тобы 100-ден аса әліпби үлгісін қарастырды. 2018 жылы қазақ жазуының латын әліпбиіне негізделген нұсқасы қабылданды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы «Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясында: «Бүгінгі ақпарат ғасырында мыңдаған, миллиондаған ақпаратты сақтап, қажетті ақпаратты дер кезінде ала білу үшін де ақпараттық технологияға икемделген жазуды пайдаланудың маңызы артып отыр. Сондықтан да қай жазуды тұтынып, қай әліпбиді пайдалану керектігі туралы сөз қозғалғанда ешбір ел оған бейжай қарай алмайды» [1,5] деген болатын. Біз де бүгінгі өзекті мәселеге бейжай қарай алмай, бүгінгі таңдағы латын әліпбиіне көшудегі жобаларды, оның ішінде ІТ жобаларды зерттеуді мақсат етіп алдық.

2019 жылдың ақпанында Нұр-Сұлтан қаласында латын әліпбиіне көшудегі бүгінгі ІТ жобалар халыққа таныстырылды. «Жаңа жаһандық кезеңдегі қазақ тілі» деген атпен тұсаукесерде бес жоба мен онлайн-конвертер жүйесінің бар мүмкіндіктері айтылды. Сол жобалардың ішінде ерекшеленетіндері мыналар: «Qazlatyn.kz», «Tilqural.kz», «Sozdikqor.kz».

Енді осы ІТ жобалардың ішкі құрылымына зер салсақ, «Basty bet. Biz týaly. Jańalyqtar. Jobalar. Konverter. Latyn álipbi. Kitaphana. Baılanys» деген бөлімшелері бар. Basty bet деген бөлімінде соңғы және басты жаңалықтар легі орналастырылған. Бұл жерде біз латын ғаріпімен жазылған мәліметтерді көріп, оқып таныса аламыз. Тіпті қазақша жарнаманы латыншалап та қойған екен: «Maqala jazur, qalamaqu al» деген сияқты. «Biz týaly» бөлімшесінде осы жобаны ұсынған Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» туралы хабардар боламыз. Jańalyqtar бөлімшесінде «Barlyq jańalyqtar» деген айдармен еліміздегі тілге, әдебиетке, тарихқа қатысты дүниелер мен тарихи танымал тұлғалар туралы мәліметтерді латынша оқи аламыз. Бұл жерде жарияланған жаңалықтардың бүгінгі біздің қоғамымыздағы өзекті мәселелер екені бірден ашқан бетте-ақ көзге анық көрінеді. Мысалы: «Memlekettik tildi mensinbeý neden bastalady?», «Gazaqsha 40 milion sóz qoldanysqa ene me?», «Bıyl qazaq tili men ádebieti pánderiniń oqú baǵdarlamasy jańartylady», «Ahmet jyly: tarihi tulǵaǵa qandaı qurmet kórsetemiz?».

Осы бөлімшелердегі бізге ең керегі Jobalar бөлімшесі деп толық айта аламыз. Неге десеңіз, біздерге, яғни мемлекеттік тілді латын әліпбиімен оқып үйренушілерге бұл бөлімшенің тигізер пайдасы зор. Бұл бөлімшеде «Latyn grafikasy negizindegi jańa emle erejelerin meńgertýge arnalǵan beinedárister» деген айдармен бейнесабақтар легі жүктелген. Бұл бейнесабақтарды көре отырып, біз латын әліпбиіне көшудегі негізгі мәселелерді біле отырып, әліпбидің өзімен танысып, жаттыға аламыз.

Konverter бөлімшесінде кез-келген сөзді не сөз орамдарын, сөйлемдерді кирилл ғаріпімен жазып, «saıkestendirý» батырмасын бассақ, бірден латын әліпбиіндегі баламасын көре аламыз. Мәтіндік конвертерде жеке сөз, сөз тіркесін, сөз орамдарын латын ғаріпіне аударсақ, ал файлдық конвертерде кириллде жазылған файлды тұтас салып, баламасын лезде алуға болатынын көре аламыз.


Latyn álipbi бөлімшесі екі тараудан тұрады. Бірінші тарауы «Qazaq álipbi» деп аталады. Мұнда 32 әріптен тұратын латын және кирилл әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиі орналасқан. Айта кететін бір мәселе, мұнда жай ғана әріптер тізбегі емес, әріптің баспа түрі, әріп атауы беріліп, дыбысталуын сол әріптің үстінен басу арқылы ести аламыз. «Emle erejeleri» бөлімшесі 9 тараудан тұрады.

| EMLE EREJELERİ | | |
|---|---|---|
| I TAPAU ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ | II TAPAU ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ | III TAPAU БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ |
| IV TAPAU БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ | V TAPAU ДЕФИСПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ | VI TAPAU БАС ӘРІП ЕМЛЕСІ. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ |
| VII TAPAU ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ | VIII TAPAU ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ | IX TAPAU СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ |

1 сурет. Емле ережелері

Суреттен көріп отырғанымыздай (1 сурет), аталған емле ережелері: I тарау. Әріптер емлесі, II тарау. Түбір сөздердің емлесі. Қосымшалардың жалғануы, III тарау. Бөлек жазылатын сөздердің емлесі. IV тарау. Бірге жазылатын сөздердің емлесі, V тарау. Дефиспен жазылатын сөздердің емлесі, VI тарау. Бас әріптердің емлесі. Қосымшалардың жалғануы, VII тарау. Қысқарған сөздер емлесі, VIII тарау. Шеттілдік сөздер емлесі және соңғы IX тарау. Сөздердің тасымалдануы деген ең маңызды ережелерден құралған бөлім болып табылады. Бұл бөлімшеден латын әліпбиін өз бетімен үйренем деушілерге пайдасы зор. Сілтемені басып, бірден емле ережелерімен танысуға ыңғайлы мүмкіндік.

Kitaphana бөлімшесінде Barlyq kitapтар деген айдармен кітаптар мәзірі берілген. Бұл жерде біз «Абай жолы» эпопеясымен, Мағжан Жұмабайұлының, Ахмет Байтұрсынұлының, Құдайберген Жұбанұлының, Телжан Шонанұлының, Сүйінбай Аронұлының, Дулат Бабатайұлының және тағы басқа танымал ақын-жазушылардың шығармаларымен таныса аламыз. Kitaphana бөлімшесінің ерекшелігін атап өтер болсақ, кітаптар мәзірі (2 сурет) деген жерде әдістемелік құралдар, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, балалар әдебиеті, журналдар деп жеке-жеке жіктеп, анық көрсетілген.



2 сурет. Барлық кітаптар

Ең соңғы бөлімшеде осы жобаны дайындаған мекеменің мекенжайы, байланыс телефоны мен e-mail поштасы көрсетілген.

Осы жобаны қорытындылай келсек, жалпы жоба латын әліпбиін өздігінен үйренушілерге өте тиімді, сонымен қатар, барынша ыңғайлы деп білеміз.


Келесі жоба туралы айтар болсақ, «Tilqural.kz» жобасы жобалардың ішіндегі ең маңыздысы, қарапайымы, ең ыңғайлысы деп білеміз. Яғни мұнда тек латын әліпбиін ғана үйреніп қоймай, сонымен бірге, қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді деңгейлеп үйренуге мүмкіндік аламыз. Басқы бетін ашқан бетте, қазақ тілін үйрену деңгейлері (A1, A2, B1, B2, C1, Латын әліпбиінің курсы) шыға келеді. Деңгейлердің біреуін таңдап, бірден келесі бетке өтуге болады. A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлері қоя тұрып, біздің негізгі мақсатымыз – латын әліпбиінің курсына көшейік. Бұл батырманы басқан бетте, латын әліпбиінің үйрету деңгелері шығады. Мұнда әр деңгейге екі-

екіден тарауша берген. Әр тараушаның құрылымы әр түрлі. Енді кез-келген батырманы басып ашар болсақ, «Sózdikqor», «Latyn negizindegi álipbi», «Sabaq 1», «Sabaq 2», «Sabaq 3», «Emle egejesi» деген батырмаларды көреміз.


«Sózdikqor» бөліміне кірсек, мұнда жобамен айтқанда, 20-30 сөздер мен сөз орамдарының латын әліпбиінде жазылуы кириллдағы үлгісімен беріледі. Тінтуірдің сол жақ батырмасын басу арқылы үйренуші белгілі бір нұсқасын таңдап, тапсырманы орындай алады. Аталған сөздер мен сөз орамдарын дыбыс белгісі арқылы естуімізге де болады.

«Latyn negizindegi álipbi» батырмасын басу арқылы латын негізді қазақ әліпбиімен таныса аламыз.

Сабақтар бөлімінде латын әліпбиін меңгеруші берілген тапсырмалар жүйесімен таныса алады. Сөздікқорда берілген сөздер мен сөз орамдарын қатыстыра отырып жасалған бұл тапсырмалар жүйесі өте қызықты әрі пайдасы зор деп білеміз. Бұл жобаның бір артықшылығы, мұнда түрлі-түсті түстер мен суреттер (3 сурет. Сәйкестендіру), сонымен қатар, дыбыстық тапсырмаларды құрастыру, жазу (4 сурет) жаттығулары кеңінен қолданылады. Бұл жоба арқылы ересек адам ғана емес, мектеп оқушылары да, тіпті бастауыш мектеп оқушылары да оп-оңай пайдалана алады.




3 сурет. Сәйкестендіру



4 сурет. Тындау. Құрастыру

Ең соңғы батырманы басу арқылы емле ережелерімен кеңірек танысуға болады. Сонымен, бұл «Tilqural.kz» жобасында әр деңгейге сай тапсырмалар легін көре аламыз. Бұл жобаны біз зерттеу барысында латын әліпбиін үйренуге ең тиімді деп таптық.

Ең соңғы жоба туралы айтар болсақ, Sozdikqor.kz порталы (5 сурет.) – әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік беретін платформа. «Сөздікқор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің дефинициясын, синонимін, антонимін, омонимін, фразеологиялық тіркесте немесе сөйлем ішінде кездесуін бір бетте көруге болатынын байқадық.



5 сурет. Sozdikqor.kz порталы

Латын әліпбиіне көшудегі бұл жобалардан басқа ғаламторда көптеген бейне сабақтар мен бейне жобаларды кездестіруге болады. Сол бейнесабақтардың ішіндегі сапалы түсірілгені, барлық адамның жасына лайық деп танып, көрермен қауымға сарыарқа телеканалы әзірлеген «Birge úireneik» теле сабақтарын ерекше айтуға болады.

Қорытындылай келетін болсақ, латын ғаріпіне төл жазуымызды көшіру – бүгінгі заманымыздың басты талабы болып отыр. Ал мұны сапалы әрі тез жүзеге асыру үшін үгіт-насихат жұмыстарынан басқа, сапалы әдістеме, ғаламтордағы қолжетімді ІТ жобалар, теле

сабақтар мен теле жобалар, теле бағдарламалар қажеттілігі туады. Бүгінгі таңдағы бұл ІТ жобаларды сапалы, ұтымды әрі қолжетімді деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. - Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2013 – 160 бет.

2. <https://tilqural.kz/>

3. <https://www.qazlatyn.kz/>

4. <https://sozdikqor.kz/>

Алтынбеков А. М., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет иностранных языков, гр. МИФ-62, магистрант
(*Научный руководитель — к.ф.н., профессор иностранной филологии Какжанова Ф. А.*)

ОСНОВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ФИНИТНЫХ ФОРМ ГЛАГОЛА В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Неличные формы английского глагола в той или иной форме рассматриваются часто и почти во всех пособиях по теоретической и практической грамматике, посвященных строю современного английского языка. Данное деление глагола на личные и неличные формы является универсальным. У разных авторов неличные формы английского глагола носят разные названия: М. Я. Блох называет их ‘Verbids’ [1], Б. А. Ильиш, И. В. Баранова и другие – ‘Verbals’ [2].

К неличным формам глагола в современном английском языке относятся формы причастия, герундия и инфинитива. Анализ этих форм представляет интерес с точки зрения общей характеристики строя современного английского языка, одной из специфических черт которого является развитая система неличных форм и особенности их употребления. Неличные формы глагола обладают как глагольными, так и именными чертами.

В. Н. Жигадло отмечает, что глагольными чертами неличных форм являются:

1) Свойственные им, хотя и обладающие своими особенностями, категории времени, вида и залога.

2) Способность принимать беспредложное дополнение, определяться и модифицироваться обстоятельством или наречием.

Эта способность находит свое выражение в совершенно однотипных сочетаниях, не отличающихся от подобных же сочетаний с личными формами глагола. Таким образом, глагольные черты проявляются в наличии у неличных форм английского глагола категории времени, вида, залога, а также в характеристике словосочетаний, в которых функционируют изучаемые формы [3, 141]:

Eating a sandwich quickly – without eating a sandwich quickly – to eat a sandwich quickly – I am eating a sandwich quickly.

Именные же черты неличных форм глагола проявляются в выполняемых ими синтаксических функциях. В этом отношении неличные формы неоднородны, и каждая выступает согласно свойственным ей значениям, отличным от значений других неличных форм.

В отношении именных черт неличные формы сохраняют свойственные им исторические связи с существительным (инфинитив и герундий) и с прилагательным (причастие), тогда как глагольные черты являются результатом их постепенного и длительного развития.

Стоит обозреть основные вербальные и именные особенности нефинитных форм. Чаще всего они пересекаются между собой, и интуитивно можно связать, к примеру, инфинитив и причастия I и II, и проследить их глагольные корни. Герундий же, напротив, ярко выражает собой именительное наряду с частью характерных особенностей инфинитива.

Общие глагольные черты нефинитных форм глагола:

1. Каждая нефинитная форма может быть прямым дополнением: “Reading/to read/read (participle) books is useful”.